

Семинар

Ақтөбеде мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған әдістемелік семинар өтті. «ҚМЖ-ғы заманауи мүмкіндіктер: жасанды интеллект көмегі» тақырыбындағы семинар №78 жалпы білім беретін мектеп гимназияда ұйымдастырылды. Бұған қала мектептерінен жиырмадан аса мұғалім қатысты.



ЗАМАНАУИ МҮМКІНДІКТЕР МЕН ӨЗГЕРІСТЕР

Іс-шара барысында мұғалімдер математика және физика сабақтарында ҚМЖ (қысқа мерзімді жоспар) құрастыруда заманауи цифрлық мүмкіндіктерді тиімді қолдану тәсілдерін меңгерді. Сонымен қатар жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісіне енгізудің тиімді жолдары ұсынылып, тәжірибелік бағытта жұмыс жүргізілді. Іс-шара барысында қатысушылар жаңа технологиялардың мүмкіндіктерімен танысып қана қоймай,

оларды нақты сабақ үлгілерінде қолдануды да үйренді.

Қалалық білім бөлімінің әдіскері Нұрзия Амангелдіқызы мен №78 жалпы орта білім беретін мектептің директоры Жанар Сейтмағанбетова мұндай форматтағы тәжірибе алмасу мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырып, білім беру үдерісін заманауи талаптарға сай ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін айтты.

Семинар аясында қала мектептеріндегі оқушылардың ғылыми жобалары көрсетілді. Мұғалімдер жасанды интеллект қолданудағы өз тәжірибесін бөлісті.

Ақбілек ӨМІРБЕКОВА,
Ақтөбедегі №78 жалпы орта білім беретін мектеп гимназияның математика пәнінің мұғалімі.

БУЛЛИНГКЕ ЖОЛ ЖОҚ!



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Ақтөбе қаласындағы Ұ.Құлымбетов атындағы №64 орта мектепте кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Прокурор сағаты» ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты — білім беру ұйымдарындағы буллингтің, құқықбұзушылықтың, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында есірткі заттарын

сы прокуратурасы «Буллингке жол жоқ: прокурормен тікелей байланыс» атты акцияны қолға алды. Мақсат — буллинг пен кәмелетке толмағандарға қатысты құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу. Осы орайда оқушылармен кездесіп, жан-жақты ақпарат беріп жатырмыз, — деді Әсел Өтенова.

Оның айтуынша, акция барысында қаладағы барлық мектепке арнайы ақпараттық флаерлер таратылып, көрнекі жерлерге ілінді. Флаерде QR-код орналастырылған. Оқушылар мен жастар осы QR-код арқылы WhatsApp



қолдану сынды келеңсіз жағдайлардың алдын алу.

Жиынға Ақтөбе қаласы прокуратурасының бөлім аға прокуроры Әсел Өтенова қатысып, оқушылармен құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізді. Ол мектеп оқушылары арасында кездесетін қорлау, қысым көрсету, әлеуметтік желідегі кибербуллинг сынды мәселелерге тоқталып, олардан қорғану жолын түсіндірді.

— «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында Ақтөбе қала-

мессенджерімен тікелей прокуратураға жазып, тез ері құпия түрде хабарласа алады.

Бұл бастама жасөспірімдерге құқықтық қолдау көрсетіп, олардың қауіпсіз ортада білім алуына жағдай жасауға бағытталған.

Мектеп ұжымы мен оқушылар үшін бұл кездесудің тәрбиелік мәні зор болды. Іс-шара соңында оқушылар маманға өз сұрақтарын қойып, пікір алмасты.

К. ҚОПАЕВА.

ҮЛЕСКЕРГЕ НЕ БІЛУІ ҚАЖЕТ?

ҚҰРЫЛЫС КЕЗЕҢІНДЕ ТҰРҒЫН ҮЙ САТЫП АЛҒЫСЫ КЕЛЕТІН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

1 ҚҰЖАТТАРДЫ ТЕКСЕРУ



Тұрғын үй салу кезеңінде үлескерлердің қаражатын тарту үшін ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫДА КЕЛЕСІ ҚҰЖАТТАР БОЛУЫ КЕРЕК:

ӘКІМДІК РҰҚСАТЫ немесе «ҚТК» АҚ КЕПІЛДІГІ

ҮЙДІ САТЫП АЛУ АЛДЫНДА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫДА ОСЫ ҚҰЖАТТАРДЫҒЫ БІРЕУІНІҢ БАР-ЖОҒЫН ТЕКСЕРІҢІЗ!

2 ШАРТ ЖАСАСУ



Қазақстанда құрылыс кезеңінде тұрғын үйді тек келесі шартқа сәйкес заңды түрде сатуға рұқсат етілген:

- үлгі нысаны бойынша үлестік қатысу туралы шарт (ҰҚШ). Шарттардың өзге нысандары ЗАҢСЫЗ болып табылады:
- Δ брондау шарты;
- Δ инвестициялау шарты;
- Δ сатып алу-сатудың алдын ала шарты;
- Δ алдын ала сипаттағы өзге шарттар.

3 ШАРТТЫ ТІРКЕУ



Қол қойылғаннан кейін ҰҚШ әкімдікте «ҚАЗРЕЕСТР» бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы тіркелуге тиіс.

ҰҚШ ТІРКЕЛГЕНІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТ – ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ.
САТЫП АЛЫНАТЫН ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ТӨЛЕМ ЖАСАМАС БҰРЫН ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫЛАРДАН ОСЫ ҮЗІНДІ КӨШІРМЕНІ ТАЛАП ЕТІҢІЗ!

Үлестік құрылыстың заңды нысандарының тізімі



WWW.HOMEPORTAL.KZ

Материал «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ қолдауымен дайындалған (www.khc.kz)

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

90-71-55 aktobesmi@mail.ru

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «КМК Мұнай» АҚ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: 1) «Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысындағы Құмсай надсолевое кен орнында №1051, №1061 көлбеу бағыттағы пайдалану ұңғымаларын бұрғылау» 8968, 2) «Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысындағы Құмсай надсолевое кен орнында №1056, №1062 көлбеу бағыттағы пайдалану ұңғымаларын бұрғылау» 9056.

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 26.12.2025 ж. – 25.01.2026 ж.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Темір аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбаршы кентінің Мектеп, Мешіт, Тәуелсіздік, Сәңкібай батыр көшелерінде автомобиль жолын салу».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 26.12.2025 – 25.01.2026 жж.

Меңдіхан ӘДІЛХАНҰЛЫ

Темір өңірі жұртшылығы өзінің аяулы перзентінен, ел руханиятының өрісін келтірген ардақты азаматынан айырылды.

Белгілі журналист, ұстаз, редактор, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Темір ауданының құрметті азаматы Меңдіхан Әділханұлы дүниеден өтті.

Бұл қаза — бір әулеттің ғана емес, күллі ауданның, ақпарат саласының, қалам ұстаған қауымның орны толмас қайғысы.

Меңдіхан Әділханұлы саналы ғұмырын туған жерінің тыныс-тіршілігін, елдің мұң-мұқтажын, халықтың қуанышы мен жетістігін қалтқысыз жеткізуге арнаған азамат болды. Ол аудандық баспасөздің дамуына өлшеусіз үлес қосып, Темір өңірінің жылнамасын жазған шынайы шежіреші еді. Оның қаламынан туған әрбір мақалада елге деген жанашырлық, шындыққа адалдық, ұлттық құндылықтарға деген терең құрмет сезіліп тұратын.

Ұстаздық жолдан басталған еңбек жолын журналистикамен ұштастыра білген Меңдіхан Әділханұлы жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп қана қоймай, өз мәдениетін, азаматтық ұстанымды, кәсіби жауапкершілікті үлгі ете білді. Ол басқарған жылдары аудандық газет халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналды, ел сеніміне ие болды.

Оның еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланды. Ол Қазақстан Журналистер одағының дипломымен, Қазақстанның құрметті журналисі атағымен, мерейтойлық медальдармен марапатталып, 2019 жылы Темір ауданының құрметті азаматы атанды. Бұл — оның ел алдындағы адал еңбегінің, азаматтық болмысының заңды жемісі.

Меңдіхан Әділханұлының адамгершілік келбеті, қарапайым мінезі, парасатты пайымы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін болмысы оны жұртшылыққа сыйлы етті. Ол қай ортада жүрсе де, елдік сөз айтып, ұлттың рухани мүддесін биік қойды.

Ардақты азаматтың жарқын бейнесі, еліне сіңірген еңбегі, соңында қалдырған рухани мұрасы ел жадында мәңгі сақталады.

Темір ауданы әкімдігі, аудандық мәслихат және ардагерлер кеңесі.



«АКТЮБИНСКИЙ КОМБИНАТ НЕРУДНЫХ МАТЕРИАЛОВ» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 30 қаңтарда сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Құрайлы ауылдық округі, Құрайлы ауылы, Жеңіс көшесі, 31-үй, мекенжайында «Шолақсай кен орны бойынша тау-кен жұмыстары жоспарының қоршаған ортаны қорғау бөліміне арналған ластанушы заттардың шығарындыларының нормативтері жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкiнiң сайтында, сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады «<https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>» сайтында қабылданады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ expert_oos@mail.ru.

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдауларға белсенді сілтеме

<https://us04web.zoom.us/j/9168292148?pwd=QXhkdWgwOHUvNG1kN0lUUmJhZDZldz09> немесе конференция идентификаторы: 916 829 2148 кіру коды: 6n71D5.

Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: ecoproject.company@bk.ru және + 7 (702) 557 40 58 телефондары.

Жоспарланған қызмет операторы: «Ақтөбе инерті материалдар комбинаты» ЖШС, БСН: 98084004172, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 10 А-үй, тел.: +7 (707) 606 12 63.

Жобаны әзірлеуші: «Еco Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ. а., Ақтөбе қ., Тургенева, 3В, тел: 56-20-11, 56-46-41

Учаскенің географиялық координаттары: Шолақсай Кен орны: 50°25'49.30" с.е., 57° 3'6.70" ш.б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Құрайлы ауылдық округі, 50°27'40" с.е., 57°01'12" ш.б.

«АКТЮБИНСКИЙ КОМБИНАТ НЕРУДНЫХ МАТЕРИАЛОВ» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 30 қаңтарда сағат 14.30-да Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласының әкімшілік аумағы, Ақтөбе қаласы, Бекқұл баба кенті, №76 орта мектеп, Центральная көшесі, 1А мекенжайында «Ақтасы кен орны бойынша тау-кен жұмыстары жоспарының қоршаған ортаны қорғау бөліміне арналған ластанушы заттардың шығарындыларының нормативтері жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкiнiң сайтында, сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады «<https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>».

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ expert_oos@mail.ru сайтында қабылданады.

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдауларға белсенді сілтеме

<https://us04web.zoom.us/j/9168292148?pwd=QXhkdWgwOHUvNG1kN0lUUmJhZDZldz09> немесе конференция идентификаторы: 916 829 2148 кіру коды: 6n71D5.

Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: ecoproject.company@bk.ru және + 7 (702) 557 40 58 телефондары.

Жоспарланған қызмет операторы: «Ақтөбе инерті материалдар комбинаты» ЖШС, БСН: 98084004172, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 10 А-үй, тел.: +7 (707) 606 12 63.

Жобаны әзірлеуші: «Еco Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ. а., Ақтөбе қ., Тургенева, 3В, тел: 56-20-11, 56-46-41

Учаскенің географиялық координаттары: Ақтасы Кен орны: 50°21'39, 49" с.е., 57°33'45,07" ш.б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласының әкімшілік аумағы, Бекқұл баба кенті, 50°18'33" с.е., 57°33'55" ш.б.

Шалқар ауданы Жылтыр селосының бұрынғы тұрғыны **Маман ҚАРАТАЙДЫН** қайтыс болуына байланысты баласы Қанатқа, іні-қарындастарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Бисенбай-Ұлғаным ШАДИНДЕР.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі:
«АКТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70УР00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың бірінші орынбасары
Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары
Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА,
Кәмшат ҚОПАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның талсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылады

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ,
Ақбота ҚАЛДЫБЕК, Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер
Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші

Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар

Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау белмесі: 90-71-61.
Сайт: www.aktobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 11653 Тапсырыс №1478

Немірдің кезекші редакторы
Кәмшат Қопаева

